

А.С.Қударина, Г.С.Әшімханова, П.З.Ишанов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: aselya_aronova@mail.ru)

Дисграфиясы бар балалардың кеңістікте бағдарлаудың қалыптасу ерекшеліктері

Мақалада оқу және жазу бұзылысы мектеп жасындағы балаларда кең тараған сөйлеу бұзылысының түрлері жайлы айтылған. Сөйлеу патологиясы баланың танымдық және тұлғалық дамуына кері ықпалын тигізетіні дәлелденген. Оқу мен жазудың бұзылысы салдарынан мектеп жасындағы балалардың қабілеттері өте төмендегені байқалады. Сонымен қатар сөйлеу бұзылысы бар балалардың кеңістікте бағдарлаудың қалыптасу ерекшеліктері туралы мәлеметтер келтірілген.

Кілт сөздер: мектеп жасындағы балалар, сөйлеу түрлері, сөйлеу патологиясы, баланың танымдық дамуы, тұлғалық дамуы, балалар қабілеттері, бастауыш мектепте оқыту, білім беру үрдісі, ойлау қабілетін дамыту, балалардың психофизикалық дамуы.

Білім сапасын арттыру мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында бастауыш мектепте оқыту мақсаттарын қайта қарастыру бойынша оқушыларға ойлаудың өзгешілігін, шығармашылық бастамасымен, алынған білімдерін жаңа шарттарда қолдана білу, өз әрекетін жоспарлау мен ұйымдастыра алу, өз-өзін бақылау мен бағалау талаптарын қояды.

Білім беру сапасын арттыру мен оларды тиімді меңгеру мәселесі әрқашан өзекті сұрақтар қатарына жатады. Заманауи таңда бастауыш сынып оқушысына ойлау әрекетінің өзгешілігін және ұтқырлығын, шығармашылық және креативті болмысын, жоспарлау мен жобалау дағдыларын қалыптастыру талап етіледі.

Мектеп дәрежесі көрсеткендей, органикалық және психофизиологиялық бұзылыстары жоқ әр оқушы берілген бағдарламаны жақсы меңгере алады, алайда олардың барлығы жоғары дәрежеге жете алмайды, тіпті орташа деңгейді жетпейтіндер де бар. Әрине, ол көпфакторлы жағдай. Үлгермеушілік, немесе төмен дәрежеде үлгеру, — көпжақты құбылыс, оның құрылысы да себеп-салдары да, барысы да өзгеше.

Орта мектептің тәжірибесіне қарамастан, педагогикада үлгермеушіліктің мәселесі көкейкесті болып табылады.

Білім беру үрдісін басқару жүйесінің құрылымы жеке тұлғаның қайталанбас даралығының дамуына, шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, жағымды орта қалыптастырудан тұрады.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Я.А. Коменский, А. Дистервег, Дж. Локк және тағы басқалар балаларды оқыту процесіндегі жеке келіске ерекше көңіл бөлді. Әдебиет көздерінен сабақтағы үлгерімі төмен оқушыларды жан-жақты зерттеу қажеттілігі көрсетіледі [1].

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде мектеп бағдарламасын толығымен меңгере алмай қалатын балаларда оқу мен жазудағы кемшіліктер бар. Туа немесе ерте жасынан пайда болған сөйлеу кемшіліктері сауатты жазу мен оқудың тосқауылына айналуы ықтимал. Р.Е. Левинаның дәлелдеуінше, ауызша және жазба тілінің байланысы баланың дамуын анықтайды [2].

Оқушылардың төмен үлгерімі — күрделі құрылымды процесс. Ол белгілі бір себептерден, көптеген факторлардан тәуелді.

Үлгермеушіліктің детерминаттары қайнар көзіне мен мазмұнына қарай тұлғалық-психикалық, дәрігерлік, отбасылық-педагогикалық және тұрмыстық, оқу-педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық деп бөлінеді.

Бастапқы орынды тұлғалық-психикалық факторлар, себептер және шарттар алады. Бастауыш сыныптағы үлгерімнің жоғары болуына мектеп дайындығы әсер етеді, ол мотивациялық, интеллектуалды, ерікті салалардан тұрады.

Сауат ашудың ережелерін меңгеру жолы тілдің жалпы жетелмеуі бар балалар үшін көптеген тосқауылдардан тұрады. Олар бастауыш сынып жасынан бастап, орта, тіпті жоғары сыныптарға дейін созылуы мүмкін.

М.С. Гуршевскаяның зерттеуінше, логопедиялық көмек алған 65 % балалардың оқуы нәтижелі болса, 35 % — орфографиялық қателерден бас тарта алмайды. Олардың жазба жұмыстарында 8–20 қате кездеседі [3].

Баланың мектепке бару кезеңі психологиялық даму кризистің уақытымен тұтас келеді, және ол әлеуметтендіру мен бейімделу жүйесіне әсерін тигізеді. Әлбетте, дерлік барлық балалар осы жолдан сүрінбей өтеді, екіншілері үшін осындай әлеуметтік шарттар денсаулық және психикалық жағдайына орай мүмкін емес сияқты көрінеді.

Оқу бағдарламасын меңгеру жолындағы қиыншылықтар оқудың бастапқы кезеңдерінен-ақ басталады. Осы кезде үлкен мәнді оқуға дайындықтың бар-жоғы алады.

Мектеп оқуын бастаған балалардың коммуникативтік, физиологиялық, интеллектуалдық және мотивациялық негіздің қалыптасқаны шарт. Деректер бойынша, 200 астам себептер сабақ үлгеріміне теріс әсер етеді. Солардың ішінде жазу мен оқу әрекеттерінің ерекшеліктері бастапқы орын алады.

Р.Е. Левина, Г.А. Каше, Л.Ф. Спирина, А.В. Ястребова, Г.В. Чиркина, И.Н. Садовникова, С.Н. Шаховская және тағы басқалар сөйлеу тілі мен оқу бағдарламасының арасындағы байланысты дәлелдеген. Сөйлеу патологиясы баланың танымдық және тұлғалық дамуына кері ықпалын тигізеді. Сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың 1/3 бөлігі ана тілі сабағы бойынша үлгермейтін немесе төмен үлгеретіндерді құрайды. Жиірек мұғалімдер тіл кемшіліктерін жазу мен оқудың қиындықтарымен байланыстырмайды. Бұл жағдай оқушылардың зейіндерінің тұрақсыздылығымен, оқуға деген қызығушылықтың болмауымен түсіндіріледі. Нәтижесінде арнайы логопедиялық көмекті қажет ететін балалармен жұмыс әдістері тілдері қалыпты дамыған балалармен жұмыс істеу әдістерімен алмастырылады.

Алайда сөйлеу мен жазба тіліндегі ерекшеліктер арнайы оқу мақсат пен міндеттерді талап етеді. Ол әдістерге де, ұйымдастыру формаларына да тікелей қатысты [4].

И.Т. Власенко, В.А. Ковшиков, Е.Ф. Соботович, О.Н. Усанова бойынша, мектепке бейімдеушіліктің маңызды шарты орфографиялық дұрыс жазу әрекетін меңгеру болып есептеледі [5].

Оқу және жазу бұзылысы мектеп жасындағы балаларда кең тараған сөйлеу бұзылысының түрлерін танытады, сондықтанда ол педагог, психолог, тіл білімі маманы, биолог және тағы басқалар біріктіретін белсенді дамушы зерттеу аймақтарына жатқызылады.

Оқу мен жазудың заманауи түсініктері ЖПФ көпдеңгейлі иерархиялық құрылуы бар күрделі жүйе ретінде қарастырған П.К. Анохин, Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, Л.С. Цветкова және тағы басқа ғалымдардың іргелі зерттеулерінде негізделеді [6].

Оқу мен жазудың функционалды жүйелерінде сөйлеу және жазу құрамдары бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Л.С. Цветкованың пайымдауынша, қазіргі заманғы психология оқуды мен жазуды бір қырында сөйлеумен және басқа қырынды қабылдаумен (көру) үрдісімен байланыстырып қарастырады.

Оқу мен жазу дағдысының құрылуы баланың ауызша сөйлеу тілмен тығыз байланысты ерекше семиотикалық жүйені игеруін көздейді. Дыбыс әріптік оқуды үйрену сөйлеу операциялары негізінде жүргізіледі: фонематикалық қабылдау, дыбыстық талдау мен жинақтау, лексикалық-грамматикалық түсініктеме. Мұнымен Г.А. Каше, Р.И. Лалаева, Н.А. Никашина, Г.В. Чиркина, А.В. Ястребова, Л.Ф. Спирина [6] терең және жан-жақты зерттелген дислексияның және дисграфияның ауызша сөйлеу тілі бұзылысымен өзара тығыз байланысы анықталады. Авторлардың жұмыстарында жазу бұзылысы фонетикалық және фонематикалық жетіспеушіліктің, сөйлеу тілінің лексикалық және грамматикалық жағының салдары, сонымен қатар байланыстырушы сөйлеу тілінің бұзылысы ретінде қарастырылады.

Жазба тілінің кемшіліктерін түзету жұмысында балалардың диагностикалық зерттеу әрекетінің орны ерекше. Сапалы әрі уақытында өткізілген оқу және жазу кемшіліктерінің диагностикасы оқушылардың түзету, дамыту мүмкіндіктерін әлдеқайда арттырады.

Әдебиеттерге сүйенсек, тіл кемшіліктері бар балалар бағдарламалық материалды қиындықпен меңгереді. Оларда дисграфия жиі кездеседі. Дисграфия дегеніміз — жазба тілінің спецификалық бұзылысы.

Дисграфиясы бар балалар әр сыныпта кездеседі, алайда олардың медициналық құжаттарында осындай диагноз қойылмайды және оларға жалпы білім беру мектепте оқуға тыйым салынбайды.

Дегенмен, дисграфиясы бар оқушылардың ұстаздары спецификалық, тұрақты қиындықтарды логопедтің көмегінсіз түзете алмайды.

Тілдік формалардың жетіспеушілігі, ұсақ моториканың қалыптаспауы, аграмматизмдер, фонематикалық естудің кемшіліктері, кеңістікте бағдарлаудың ерекшеліктері жалпы ауызша тілдің дамымауына, жазба сөйлеудің бұзылыстарына әкеледі.

Психофизикалық даму барысында баланың бес жасына дейінгі кезеңінде, біртіндеп, қалыпты дамыған баланың фонематикалық қабылдауы, лексикалық және грамматикалық жүйесі, дыбыс айтуы дамиды.

Гуілдеу, былдырлау, вокализация есебінен баланың дыбысталуы ана тілінің фонетикалық жүйесіне ұқсай бастайды. Бір жасқа қарай ол айтылған сөздердің басым бөлігін түсінеді, мағынасын біледі. Кейін оның өзіндік сөйлеуі пайда болып, бірнеше жай сөздерден сөз тіркестер, тіпті сөйлемдер құрайды. Уақыт өте, баланың сөйлеуі фонологиялық, морфологиялық, синтаксис жағынан дұрыс болады. Бес жасқа қарай баланың тыныс алу, фонация, артикуляция арасындағы координациялық механизмдер жоғары дәрежеге түсіп, сөйлеу тілі ырғақты түрде қалыптасады. Осы кездегі ауызша сөйлеудің дамуы жазба тілінің даму сатысын өтіп, баланың танымдық саласын басқа деңгейге шығарады.

Дегенмен, сөйлеу тілінің мінсіз дамуы барлық балаларда бола қоймас. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, әрбір үшінші баланың дыбыс айтуында қарапайым, ал алтыншысында күрделі тіл кемшіліктері бар.

Тілдік патологиямен мектеп жасын аттаған балалар дисграфия мен дислексияға шалдығады. Дыбыстық талдау мен синтез жеткіліксіздігінен мектеп жасына дейінгі логопат балалардың оқу мен жазу процесі ерекше қалыптасады. Талдау қорытындысында дисграфиясы бар балалардың жалпыға бірдей бағдарламаның меңгеруінде қиыншылықтар туындап, шамамен сыныптың он бес пайызын құрайды.

Дисграфия — полиморфты бұзылыс. Бірінші сынып оқушыларында оқуға даярлықтың жеткіліксіз психологиялық дәрежесі анықталады. Олардың танымдық, тұлғалық даму ерекшеліктері оқу әрекетімен толық меңгеруді қиындатады.

Балалардың сыни тұрғыдан өз-өздерін бағалауы төмендейді, олар нәтижелеріне адекватты түрде қарамай, жалпы негативизмді, оқу мотивациясының төмендігіне әкелуі ықтимал.

Дисграфиясы бар балалар мақсаттылық жағынан әлсіз, жиірек импульсивті, тез шаршайды, ерікті әрекеттері зардап шегіп, оқу амалдарының шешілуін бәсеңдетеді. Олардың орфографиялық ережелерін меңгеру жолы созылады және барысы бұзылады.

Жазу бұзылысының ерекше түрі — дисграфия екінші сыныптан бастап диагностикаланады. Әйткенмен мектепке дейінгі жастағы балаларда ол ерте кезеңдерден байқаланып отыр.

Осындай балаларда мектепке деген психологиялық дайындығының қалыптаспауы бірінші сыныптан көзге көрінеді. Мысалы, оқушы сөздің дұрыс жазылуын білмесе, дыбыстық құрамына жақын буындар қосындысын жаза салып, орфографиялық және грамматикалық ережелерді есте, образдық ойлау жадысында сақтамайды.

Балалардың жазба жұмыстарының талдауы көрсеткендей, ережелерді механикалық түрде жаттау, фонематикалық қабылдаудың жеткіліксіздігі, сөйлеу тілінің дамымауы сияқты себеп-салдардың бар болуынан, ұсақ моториканың жетілмеуінен жазба тілінің ерекше бұзылысы — дисграфия маңызды орын алады.

Балалардың орфографиялық операциялардың басым бөлігі меңгерілмеген, алгоритмдері есте сақталынбаған және машықтандырылмаған.

Тұлғалық психологиялық сипаттамасына қарай осындай балалар енжар, сабақта қолын көтермейді, үзілісте жалғыз қалуды ұнатады, балалар ұжымына қызығушылық танытпайды, эмоционалдық күйде алаңдаушылық, қобалжу, депрессивті көңіл күй-басым болады.

Әлеуметтік педагогтардың статистикасына қарасақ, оқудан қызық алмайтын балалар, үйде де қуаныш сезімдерін бастан кешпей, далада кезіп жүрген, тәуекел тобын құрайды.

Балаларда кеңістікте бағдарлау әрекетінің оқу үлгеріміндегі маңыздылығы туралы А.Р. Лурия, Н.П. Локалова, Г.Ф. Кумарина айтқан.

Мектеп жасына дейінгі кезеңіндегі кеңістіктік елестер мен қабылдау функцияларының жетік дәрежеде болғанымен, барлық балалар санының 47 % кеңістікте бағдарлаудың қиыншылықтары байқалады. Әсіресе ол математика, әліппе, сауат ашу сабақтарында айқын көрінеді.

Балалардың оқу әрекетін қалыпташу жолы да осыған тікелей байланысты болғандықтан, дислексияға алып келуі мүмкін.

Бақылаулардың нәтижесінде кеңістікте бағдарлаудың жеткіліксіздігінен болатын дисграфиясы бар балалар саны жалпы алғанда 24 % дейін жетуі мүмкін.

Кеңістікте бағдарлауы зардап шеккен дисграфиясы бар балалардың моторлы актілерді орындау барысында каллиграфияның кемшіліктері анықталады, әріптері пропорционалды емес, дәптер жолдарын немесе тор көздерін есепке алмайды, әріп элементтері сәйкес келмейді, жазудың ырғағы мен қарқыны бұзылады.

Жазба жұмыстарында дыбыстық талдау мен синтездің дамымау салдарынан көптеген грамматикалық, орфографиялық қателер жіберіледі. Осы қателер тұрақты түрде кездеседі, өйткені бұрыс жазу ережелері балалардың жадысында әбден сақталып, жаңа, дұрыс емелер қаланбайды, есте сақталынбайды.

Бағдарлаудың қарапайым функциялары бала өмірінің бірінші айларында дами бастайды. Олардың негізінде қозғалыс, көру, кинестетикалық сезімдердің тығыз байланысы жатыр. Бала үш жасқа дейін кезде симметриялық жақтарды шатастырады, оның басқарушы қолы қалыптаспайды, сондықтан кеңістік түсініктері мен елестердің жүйесінің меңгерілуі мүмкін емес.

Сөйлеу әрекеті арқылы балалардың кеңістікті қабылдауы жетіледі, жүйеге айналады. Сонымен, мектеп жасына дейінгі кезеңінде кеңістік туралы ұғымдары кеңейтіледі, дифференциация дәрежесі артып, кеңістікті қасиеттердің талдауы мен синтезі қалыптасады. Бақылау нәтижелері көрсеткендей, кеңістікте бағдарлаудың қателері төмендегідей болды:

- партада оқу құралдарының орналасуында;
- кітап пен дәптер жолдарының тар болуы;
- формасы ұқсас әріптердің алмастыруы;
- дәптерде паракта бағдарлана алмау;
- айналы қателер жіберу;
- әріптердің астыңғы мен үстіңгі жақтарын ауыстыру;
- цифрларды шатастыру;
- бағандарды симметриялық орналастыру қиыншылықтары;
- сурет салу ерекшеліктері;
- геометриялық элементтерді меңгеру ерекшеліктері.

Дисграфиясы бар балалардың кеңістікте бағдарлау кемшіліктерімен қоса уақыт ұғымдарын қабылдау мен меңгеру ерекшеліктері байқалады.

Оқу барысында балаларда уақыт бірліктерін, мерзімді, жасты үнемі қайталап, анықтау қажет. Қосымша уақыт, әрекет немесе мерзімдердің ауыспалығын және бірізділігін бақылап, дәлелдеу керек. Оған қоса балалардың сөздік қорын жаңа түсініктермен арттырып, өткенді қайталау жөн.

Зерттеулерге сүйенсек, сауатты жазу грамматикалық ережелерден ғана тұрмайды, балалардың оған дейін дамыған сөйлеу функциясының қалыптасуы дұрыс жалпылауларды тұжырымдауға мүмкіндік береді, кеңістікте бағдарлау мен кеңістік елестеулердің жеткілікті деңгейі дисграфияның пайда болуына мүмкіндік бермейді.

Логопедиялық көмектің тәжірибесі керсеткендей, дисграфиясы бар балалар оң және сол жақтың заттарын анықтай алмайды, өзінің және қарама-қарсы тұрған өзге адамның денесінің сызбаларын түсіне қоймайды, объектілердің кеңістіктегі орналасуын бағалай алмайды, заттар мен сандар ретінің бірізділігін ұқпайды, бағыттардың графикалық белгілерін (оңға, солға, астына — оңға) түсінбейді.

Дисграфиясы бар балаларды психикалық дамуында вербальді сөйлеудің жақсы дамуы көрнекі ойлау функциясының жеткіліксіздігімен, кеңістікте бағдарлау мен уақыт елестердің кемшіліктерімен сипатталады. Олардың көбі әріптерді құрылымдау барысында қателер жібереді. Талдау нәтижелері дисграфиясы бар балалардың әріптің графикалық құрылымын қалыптастыруда қиыншылықтарға тап болатыны көрсетті. Оқушылардың жазуындағы қателері әріптердің графикалық құрылымын саралауы, әріп элементтерінің кеңістікте орналасуы дамымаған.

Көру кеңістікті функцияларының ерекшеліктері дисграфиясы бар балаларда келесі қателермен сипатталады:

- символдың деңгейде оптикалық-кеңістіктік елестердің нақты болмауы;
- сенсорлы ақпараттың бүтін образға қосылмауы;
- жалпыланған қабылдаудың қалыптаспаушылығы;

- жазу операциясында моторлы бағдарламаның қалыптаспауы мен бұзылысы;
- жазу дағдыларын меңгергенде оптикалық-кеңістікті функцияларының қалыптасу мотивациясының жетілмеуі.

Кеңістікте бағдарлаудың неғұрлым дамыған дәрежесі деп балалардың күрделі лексикалық-грамматикалық құрылымдарын меңгеруін, заттардың кеңістікті қатынасын айтады.

Дисграфиясы бар балалардың танымдық саласының мүмкіндіктерін арттыру мақсатында түзету педагогикалық жұмыстың маңызды бөлігі кеңістікте бағдарлауды дамыту мен кеңістігі елестерді қалыптастыру болуы тиіс.

Дисграфиямен түзету-педагогикалық жұмыс барысында келесі қағидалар сақталуы керек:

- дисграфияны түзету технологиясында кеңістікте бағдарлауға көмектесетін, бағыттайтын тапсырмалар мен жаттығулар күн сайын қайталануы керек;

- ақпарат алгоритмді, нақты, қысқа да нұсқа болуы керек. Сонда оқушының зейінін ұзақ уақытты және тұрақты болуы ықтимал;

- мәліметті ойнату, иллюстрациялау мен көркемдеу керек: оқу тапсырмаларын қысқа (2–3 мин) және салыстырмалы жеңіл болғаны дұрыс;

- жазу дағдылары қалыптаспас бұрын балаларды оқуға үйретеді. Өйткені оқушыда сөздің кешенді көру дыбыстық образы болмаса, жазу, әсіресе жат жазу мен өздігінен шығарма жазу қажет деген деңгейде қалыптаспайды;

- образдар жүйесін қалыптастыру жұмысы дыбыстардың меңгерілуінен басталып, әріптердің графикалық емлесіне көшу керек;

- сауатты жазу, шапшаң оқу болмайынша, дамымайды. Сондықтан жазу дағдылары сөздің дұрыс қалыптасқан есту — визуалды образдың, ойлау, есте сақтау негізінде қаланады;

- логопедиялық түзету сабақтарында әрекеттердің нақты алгоритмін құрастырып, оның графикалық көркемдеуін ұйымдастыру жөн;

- жазу кемшіліктері бар балалардың мінез-құлығындағы ерекшеліктерін есепке ала, тәртіптердің бұзылыстары сияқты қасиеттерімен мінезделеді. Оқушыларда өз-өзін бақылау біліктілігін логопедиялық сабақтарда жоғары дәрежеде дамыту керек;

- логопедиялық жұмыстың нәтижелігі сабақты ойын түрінде өткізуге болады;

- қысқа мерзімді есте сақтаудан ұзақ мерзімді есте сақтау формасына материалды өткізу, яғни сабақты бекіту кезеңі, біркелкі алгоритмде жүргізу керек;

- балалардың зияткерлік белсенділігін дамыту үй тапсырмаларын беру арқылы жүзеге асырылады;

- логопедиялық түзету сабағы барысында оқушылардың шаршап-шалдығуын болдырмауға тырысу керек, ол ЖПФ жұмысын бәсеңдетеді, сондықтан релаксацияны уақытымен қолданғаны жөн;

- оқушылар тапсырманы орындаған кезде оны іштей қайта айтуы керек;

- логопед оқушылардың жақын даму аймағының потенциалды қабілеттіліктерін ескере отырып, түзету логопедиялық жұмысты тиімді ұйымдастырады;

- ұстаздар, сынып жетекшісі мен логопедтің, әсіресе ата-ананың біріккен мақсатты бағыты баланың танымдық саласының дамуын қамтамасыз ету керек.

Қорыта келгенде, сөйлеу дамуының артта қалуы біріншілік және екіншілік қатарлы себептерден туындайды. Олар сөйлеу формалары мен функциялардың дамуынан, сөздікті логикалық ойлаудан, оқу әрекетінің ерекшеліктерімен байланысты.

Жазу кемшіліктері бар балалардың дисграфиясын анықтау неғұрлым ерте уақытта басталғаны, оның түзету жұмысының мүмкіндіктерін соғұрлым тиімді болдырады.

Оқу мотивациясының арттыру мақсатында дисграфиясы бар балалардың кемшілік құрылымына сәйкес талдау жұмысын жасап, әрбір элементтерін жеке-жеке түзету педагогикалық шаралармен қамту керек.

Оқу әрекетін реттеу барысында, баланың тұлғалық психикалық ерекшеліктерінің пайда болуына жол бермеу, кеңістікте бағдарлау, кеңістік туралы ұғымдарды қалыптастыру, кеңістік елестерді дамыту ерекше бағыт алуы керек. Сонда ғана грамматикалық формаларды меңгере алмайтындар дисграфиясы бар балалар қатарына кірмей, жалпы сауатты жолға түсіп, тіл кемшіліктерінен бас тарта алады. Ол тиімді әлеуметтендірудің да бір жолы болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Садовникова И.Н. Нарушения письменной речи и их преодоление у младших школьников. — М.: Владос, 1997. — 256 с.
- 2 Коррекционная педагогика в начальном образовании: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений / Г.Ф.Кумарина, М.Э.Вайнер, Ю.Н.Вьюнкова и др. / Под ред. Г.Ф. Кумариной. — М.: Академия, 2003. — 320 с.
- 3 Игнатьева С.А. Коммуникативная культура будущих учителей-логопедов как условие становления их профессиональной компетентности // Воспитание и обучение детей с нарушениями в развитии. — 2006. — № 6. — С. 3–7.
- 4 Основы логопедической работы с детьми / Под ред. Г.В. Чиркиной. — М.: Аркти, 2002. — 240 с.
- 5 Лурия А.Р. Психологическое содержание процесса письма // Хрестоматия по логопедии. — Т. 2. — М.: Владос, 1997. — С. 326–333.
- 6 Лалаева Р.И. Логопедическая работа в коррекционных классах. — М.: Педагогика, 2001. — 156 с.

А.С.Кударина, Г.С.Ашимханова, П.З.Ишанов

Особенности формирования пространственных представлений у детей с дисграфией

В статье описана тесная связь устной и письменной речи. Отмечено, что нарушения письменной речи являются основными причинами стойкой неуспеваемости школьников младших и даже старших классов. Доказано, что эти нарушения, в свою очередь, могут привести к неустойчивой или неточной мотивации к учебной деятельности. Также рассмотрены особенности пространственной ориентировки детей с нарушениями письменной речи.

A.S.Kudarinova, G.S.Ashimkhanova, P.Z.Ishanov

A particular spatial orientations in children with dysgraphia

This article describes the close relationship between oral and written speech, his influence on the educational activities students. Violations of the written language are the main causes of school failure in the lower rack, and even high school students. These in turn can lead to unstable or inaccurate motivation to training activities. The peculiarities of the spatial orientation of children with disabilities.

References

- 1 Sadovnikova I.N. *Violations of writing and how to overcome them in primary school children*, Moscow: Vlados, 1997, 256 p.
- 2 *Correctional Pedagogy in Primary Education: Textbooks for stud. sred. ped. uch. zavedeny* / G.F.Coumarina, M.E.Weiner, Yu.N.V'yunkova et al., Ed. G.F.Coumarin, Moscow: Academy, 2003, 320 p.
- 3 Ignat'yeva S.A. *Education and training of children with disabilities in development*, 2006, 6, p. 3–7.
- 4 *Fundamentals of speech therapy work with children* / Ed. G.V. Chirkina, Moscow: Arcti, 2002, 240 p.
- 5 Luriya A.R. *Reader on speech therapy*, Moscow: Vlados, 1997, 2, p. 326–333.
- 6 Lalayeva R.I. *Logopedic work in correctional classes*, Moscow: Pedagogy, 2001, 156 p.